

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

МОДУЛЬ ЛАТИНСКОГО ЯЗЫКА
МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

Факультет : Жалпы медицина

Пән : Латын тілі

Тақырыбы : Латын тілі және медициналық терминология негіздері (клиникалық терминология)

Нұрмахан Арайлым

2015 ж.

**Латын тілі және
медициналық терминология
негіздері (клиникалық
терминология)**

2015 ж.

Жоспар

Кіріспе

Пәннің қысқаша мазмұны:

Клиникалық терминология.

Сөздердің мүшеленуі.

Грек-латын дублеттер.

**Клиникалық терминологияның
құрылымы.**

**Лексикалық минимум (жай және туынды
сөздер)**

Ұсынылған әдебиеттер

Кіріспе

Латын тілін оқыту және медициналық терминологияның негіздерін меңгеруі пәннің логикалық-дидактикалық құрылымына сәйкес жүргізіледі және жүйеленген терминологиялық оқыту принципіне негізделеді. Медициналық терминологияның әрбір үш жүйесі өзіндік грамматикалық, сөз жасамдық және лексикалық ерекшеліктері болғандықтан, оқыту жеке тараулар түрінде жүргізіледі (анатомиялық, клиникалық, фармацевтикалық терминологиялар). Бекіту және бақылау әдістемесіне сәйкес әр бөлімде пәнге байланысты лексикалық және грамматикалық материалдар іріктеліп алынған. Латын тілі пәні бойынша теориялық және клиникалық пәндерімен пәнаралық байланыста болады, яғни интеграциялық принципі сақталады. Латын тілін оқытудың жалпы білім беретін аспектісі жалпы мәдениеттік, тарихи-медициналық деонтологиялық және эстетикалық сипаттағы ежелгі ойшылдардың нақыл сөздері мен афоризмдерін пайдалануды қажет етеді.

Пәннің қысқаша мазмұны:

Пәннің мазмұны анатомиялық, клиникалық, фармацевтикалық терминологияла-рын оқыту болып табылады. Әрбір медициналық терминологияның жүйесі өзіндік грамматикалық, сөзжасамдық және лексикасы жағынан ерекшеленеді, сондықтан пәнді оқыту жеке бөлім бойынша жүргізіледі.Әр бөлімді бекітуге және бақылауға арналған салалық лексикалық және грамматикалық материалдар таңдалған. «Анатомиялық терминология» бөлімі мынадай негізгі грамматикалық тақырыптарды енгізеді:атау және ілік септіктерінің жекеше және көпше түрлері, зат есімдердің род категориясы,сын есімдердің сипаттамасы,сын есімдердің салыстырмалы шырай категориясы,сын есімдердің зат есімдермен қиысу принципі, анатомиялық терминдердің құрылымы. «Фармацевтикалық терминология және рецептура» бөлімі мынадай тақырыптарды енгізеді: «Фармацевтикалық терминология», «Дәрілік құралдардың номенклатурасы», «Латын тіліндегі химиялық номенклатура», «Рецепттің құрылысы»

«Клиникалық терминология» бөлімі патологиялық анатомия терминологиясына негізделеді. Бұл бөлімде аурулардың атаулары, патологиялық қалпы,медициналық пәндердің атаулары, операциялардың түрлері, емдеудің әдістері мен тәсілдері, медициналық техникадағы құрал-жабдықтарының атаулары беріледі. Клиникалық терминологияны меңгеру үшін студенттерге сөзжасамның өнімді үлгілерін және тәсілдерін, сөзжасамдық элементтердің және жиі кездесетін түбірлердің минимумын, клиникалық терминдердің құрылымдық ерекшеліктерін, грек-латын дублеттерінің белгіленуін, жеке терминоэлементтерін меңгеруі керек.

КЛИНИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Клиникалық терминология (грекше Klinike – дәрігерлік құру өнері, науқас адамды күту). Оған әртүрлі клиникалық мамандықтарының, патологиялық анатомия және патологиялық физиология сияқты ауруды зерттейтін пәндердің терминдері жатады.

Ол ең алдымен терапиялық терминдер (грекше *therapia* – күту, емдеу) және хирургиялық терминдер (*cheir* – қол + *ergia* – жұмыс, әрекет), ауру атаулары, патологиялық процестер мен жағдайлар, ауру белгілері, операция атаулары, зерттеу әдісі мен емдеу жолдары, медициналық құрал-жабдықтар т.б.

Клиникалық терминология – ол ауруларды зерттеу және ауру тарихын жазу барысында оқулықтар мен анықтамаларда кездесетін мыңдаған атаулар.

Клиникалық терминдерді қолдану барысында аурудың қазақ тіліндегі атауларымен қатар олардың латынша баламалары да қолданылады.

Мысалы:

Жарық (hernia).

Сынық (fractura).

Қатерлі ісік (carcinoma) т.б.

Медициналық терминологияның барлық жүйелерінде күрделі сөздердің – сөз жасаушы конструкциялардың орны үлкен. Олар түбір және сөз жасаушы элементтері бар латын-грек терминоэлементтерінен туындаған және клиникалық терминологияда көп кездеседі. Ғылыми және кәсіби жұмыстарға, арудың алдын алуға (профилактикаға), ауруларды анықтауға (диагностикаға), науқастарды емдеуге байланысты терминдер клиникалық терминологияның үлкен бөлігін құрайды. Бұл бөлімде сөздің құрамы және сөзжасамға байланысты сұрақтар қарастырылады. Зерттеу барысында әрбір сөздің жеке мағынасы емес – олардың жалпы мағынасы маңызды.

Сөздердің мүшеленуі.

Мағыналары ұқсас сөздерде сөздің бір бөлігі болса да қайталанатын болса, мұндай сөздер **мүшеленетін** деп аталады. Әртүрлі сөздердің мүшеленуі толық немесе жартылай бола алады. Егер сөздің барлық бөліктері басқа да туынды сөздерде қайталанатын болса, олар толық мүшеленетін деп аталады. Егер сөздің барлық бөліктері қайталанбаса, жартылай мүшеленетін деп айтуға болады. Келесі сөздерді салыстырайық:




Толық мүшеленетін

Жартылай мүшеленетін

1) Толық мүшеленетін: pod-algia, pod-o-metria, neur-algia, kernal-ometria. Бұл сөздерде барлық бөліктері басқа да туынды сөздерде кездеседі.

2) Жартылай мүшеленетін: pod-agra. Бұл сөзде бірінші бөлігі – pod, басқа да сөздерде қайтаналанады, ал екінші бөлігі – аgra, өте сирек жағдайда ғана қайталанады.

Өзінің мағынасын сақтап тұрған жиі қолданылатын бөлшектер, морфемалар, терминоэлемент деп аталады (ТЭ) Терминоэлементтер тұрған орнына қарай мынадай болуы мүмкін:



Грек-латын дублеттер.

Мағынасы бірдей латын терминдері және грек терминоэлемент **грек-латын дублеттер** деп аталады Дублеттердің қолданылу саласы анатомиялық, номенклатура, клиникалық терминология.

Латын тілі жеке сөз ретінде :

vertebra, ae f

caput, itis n

nasus, i m

corpus, oris n

articulatio, onis f

Грек терминоэлемент ретінде :

spondy

locephalor

hinoso

matoarthro

Мысалы:

қынап, екі дублетпен белгіленеді: латын - vagina және грек - colpo, клиникалық терминологияда терминология элемент ретінде екеуі де қолданылады. Рентгенологиялық терминдерде органдардың латын белгілері қолданылады.

Мысалы, рентгенолог мамандар «маммография» деп айтады, бірақ бұл терминде mamma (сүт безі) - латын атауы, masto (сүт безіне жататын) – грек терминология элементі. Кейбір анатомиялық атаулардың грек эквиваленттері жоқ, сондықтан клиникалық терминология саласында латын атаулары кеңінен қолданылады.

Мысалы, латын сөздері – appendix, ventriculus, sinus, duodenum.

Клиникалық терминологияның құрылымы.

Клиникалық терминдер өзінің құрылысына қарай төмендегідей болуы мүмкін:

А) Жай клиникалық терминдер – бір түбір мен жалғаудан тұрады.

Мысалы: *coma,atis n; ulcus,eris n.*

Б) Туынды клиникалық терминдер – жұрнақ арқылы зат есімнен сын есімге айналған.

Мысалы: *comatusus,a,um; ulcerosus,a,um*

В) Күрделі клиникалық терминдер – екі немесе одан да көп түбірден құралған .

Мысалы: *dermatologia, cardiodystrophia.*

Г) Клиникалық терминдер -сөз тіркестері үш түрлі болуы мүмкін:

- 1.қиысқан анықтауышы бар термин -*pneumonia chronica,*
- 2.қиыспаған анықтауышы бар термин - *cancer pulmonis,*
- 3.аралас термин – *fractura transversa claviculae.*

Лексикалық минимум (жай және туынды сөздер) .

№	Сөздер	аудармасы
1	abscessus, us m	абсцесс, ірің
2	cancer, cri m	рак, қатерлі ісік
3	caries, ei f	кариес, шіру
4	colica, ae f	колика, шаншу
5	gangraena, ae f	гангрена
6	eczema, atis n	экзема, теміреткі
7	fractura, ae f	сынық

Клиникалық терминологияда жиі қолданылатын жұрнақтар:

-osis жұрнағының екі мағынасы бар:

1. Егер түбірінде дене мүше білдіретін термозэлемент берілген болса жалпы мағынасы «патологиялық процесс, созылмалы зақымдану»

Мысалы: нефроз – бүйректің созылмалы зақымдануы, психоз – психиканың бұзылуы, токсикоз- улануы, артроз – буындардың зақымдануы.

2. Егер түбірінде жасуша немесе ісік білдіретін термозэлемент болса, –osis жұрнағының мағынасы көбею болады.

Мысалы: лейкоцитоз – лейкоциттің көбеюі, фиброматоз – талшықты ісіктерінің көбеюі. –osis жұрнағы арқылы құралған зат есімдер III септеу femininum род түріне жатады.

Мыс: arthrosis, is f., leucocytosis, is f

-itis жұрнағы қабынуды білдіру үшін қолданылады.

Мысалы: гастрит-gastritis- асқазанның қабынуы, нефрит – nephritis бүйректің қабынуы. -itis жұрнағы арқылы құралған зат есімдер III септеу femininum род түріне жатады.

Мысалы: nephritis, itidis f.

-ома жұрнағы органдар мен тіндердің ісігін білдіреді.

Мыс.: остеома – osteoma – сүйектің ісігі. Ісіктердің атаулары III септеу neutrum род түрінің зат есімдері.

Ережеден тыс қабынулардың атаулары:

Pneumonia, ae f - өкпе қабынуы

Angina, ae f - баспа,бадамша бездің қабынуы

Paronychia, i n - саусақ тырнағының қабынуы, күбіртке

Phlegmone, es f – шелдің іріндеп қабынуы

Empyema, atis n – мүше қуысында іріннің жиналуы

Furunculus, i m – түкті қаппен тер безінің қабынуы, шиқан

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Айкенова Р.А., Омашева Ж.М., Туспекова Ж.Ж. Латын тілі пәні бойынша оқу құралы (фармацевтикалық терминология). - Караганда, 2006.

қосымша:

2. Айкенова Р.А. Тексты и упражнения для самостоятельной работы студентов по латинскому языку: Учебно-методическое пособие. - Караганда: КГМА. -2008.

5. Глазкова Л.В. Пособие по латинскому языку: Клиническая терминология. - Караганда: КГМА. -2002.

6. Глазкова Л.В. Пособие по латинскому языку: Фармацевтическая терминология. - Караганда: КГМА. -2002.

7. Глазкова Л.В. Vademecum. - Караганда: КГМА. -2004.

8. Ахметов М.А. Медицина терминдерінің сөздігі. - Алматы-2005

9. К.К. Капенова, М.Е. Тебенев Орысша-қазақша медицина терминдерінің сөздігі. Қарағанды-2007